

АНТИКАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯНЫҢ ДІНГЕ КӨЗҚАРАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Нуршаханов Райымбек

raimbeknurshakhanov@gmail.com

«Дінтану» білім бағдарламасының 2 курс студенті

Х.Досмұхамендов атындағы Атырау университеті, Атырау қ. Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, филос.ғ.д. профессор-Бекежан Ө.Қ.

Қай дәуірді алып қарасақ та дінсіз қоғам болмағанын көре аламыз. Себебі дін тарихы адамзат тарихымен біртұтас. Оның дәлелі ретінде күнімізге дейін жеткен ескерткіштер, ғимараттар, жазбалар мен деректерді көрсете аламыз. Адамзат ойының тарихында дін мен философия әрқашан әлеуметтік құрылымды да, жеке дүниетанымды да айқындайтын рухани мәдениеттің нысандары ретінде көрініс тапты. Екеуінің зерттеу нысандары мен қоятын сұрақтары ұқсас болғанымен (болмыстың түпкі себебі, адамның табағаты, әлемнің құрылымы), олар ақиқатты танудың әдістері мен құралдары жағынан түбегейлі ерекшеленеді.

Дін мен философияның ұқсастықтары мен айырмашылықтарын объективті түрде зерттеу үшін алдымен осы ұғымдарға анықтама беру қажет. Ғалымдар мен ойшылдар дін мен философия неден тұрады деген сұрақтарға әмбебап жауап бере алмайды, өйткені бұл терминдердің әртүрлі анықтамалары бар.

Дін тар мағынасында «адамның қасиетімен байланысын» білдірсе, кең мағына да моральдық нормалар мен мінез-құлық үлгілерінің, әдет-ғұрыптардың және адамдардың ұйымға (шіркеу, үмбет, діни қауым) бірігуін қамтитын табиғаттан тыс нәрселерге сенумен шартталған нақты көзқарастар жүйесін қамтиды. Ал философия танымның ерекше түрі және шындықтың (болмыстың) жалпы сипаттамалары, ұғымдары мен принциптері, сондай-ақ адам болмысы, адам мен оны қоршаған дүние арасындағы қарым-қатынас туралы білімдер жүйесі.

Діни білімнің негізінде қасиетті мәтіндерге, догмаларға және жеке мистикалық тәжірибеге сүйенген сенім жатыр. Дін білімнің рационалды түрлеріне емес, сенсорлық және интуитивтілікке көбірек бағытталған. Сенім, анықтамасы бойынша, ешқандай дәлелді қажет етпейді, сондықтан дін өз табиғаты бойынша Қасиетті Жазба, догма және теологиялық пікірлер сияқты билікке сілтеме жасайды. Философиялық білім керісінше, Құдайдың бар екендігін және діни-идеалистік сипаттағы басқа концепцияларды қоса алғанда, белгілі бір сенімдердің ұтымды және логикалық негіздемесін атап көрсетеді; философия рационалды негіздеуге, логикалық дәлелдеге, сыни талдауға сүйенеді.

Дін мен философияның арақатынасын белгілі бір тарихи дәуір шегінде қарастыру керек, өйткені олардың қарым-қатынасы әр уақытта әртүрлі дамыды. Бұл зерттеу ежелгі Греция дәуіріндегі дін мен философияның өзара әрекетін талдауға тырысады.

Біздің заманымызға дейінгі VII ғасырдан бастап біздің заманымыздың VI ғасырына дейінгі кезеңді қамтитын антикалық философия - бұл рационалды білімнің мифологиялық санадан біртіндеп бөлініп шығуы, олардың ұзаққа созылған қақтығысы және, сайып келгенде, неоплатонизм мен ерте христиандық теология аясындағы күрделі синтезі жүзеге асқан бірегей зертхана десекте болады. Ол әдетте үш кезеңге бөлінеді:

1. Сократқа дейінгі (натурфилософия) - біздің заманымызға дейінгі 7-5 ғасырлар аралығын қамтиды. Милет, Элей, Атомистік, Пифагор мектептері. Бұл уақыттың ерекшелігі зертту нысаны мифтік санадан табиғат күштеріне ауысуы.

2. Классикалық кезең- б.з.б. 5 ғасырдан б.з.б. 4 ғасырға дейінгі кезең. Ол софистік философтардың (Горгий, Протагор), сондай-ақ Сократ пен оның шәкірттерінің еңбектерімен ерекшеленеді, олардың ішінде ең танымалы Платон мен оның шәкірті,

перипатетизмнің негізін қалаушы Аристотель болып саналады. Бұл кезеңде назар табиғаттан адамзатқа ауысады.

3. Эллиндік кезең - біздің заманымызға дейінгі 4 ғасырдан біздің заманымыздың 6 ғасырына дейінгі кезеңді қамтиды. Бұл кезеңде моральдық-этикалық мәселелерге басты назар аударатын стоицизм, неоплатонизм және эпикуризм сияқты философиялық мектептер мен ағымдар пайда болды.

Гректер Балқанға б.з.б XII ғасырда келді, олардың діни жүйесі шығыстың ықпалымен қалыптасты. Полистік бытыраңқылық болса да ортақ мифология, бірдей политеисттік жүйе, құдайлар пантеоны болды. Олардың арасында ерекше дәріптелетіні 12 олимп құдайлары болатын. Олардың құрметіне Олимпиада ойындары өткізілді, олар адам өмірінің әр саласында маңызды рөл атқарды. Тағы бір мысал, егін жинау кезінде егіннің бір бөлігі шарап пен егіншілік құдайы Диониске ұсынылды. Мифтік-діни дүниетанымдардың адам өміріндегі маңызды рөлін растайтын мұндай мысалдар өте көп. Сол кездегі қасиетті мәтіндер, яғни мифтердің жүйеленуі Гомер мен Гесиодтың дастандары арқылы орын алған еді.

Мифтік-діни дүниетаным өзінің со кездегі басым рөліне қарамастан сынға ұшыраған болатын, шындықты, дінді, құдайдың жаратылысын дұрыс түсіну жолдарын іздестіру жүріп жатты. Бұл дүниетаным осы уақытта діннен бөлек және оған қызмет етпейтін философияның пайда болуына кедергі бола алмады. Ал философия әуелі бастан мифологиялық, діни нанымдық танымға сыни көзқараспен қарай бастады. Сондықтан осы тарихи кезеңде мифтен Логосқа өту деген жаңа дүниетаным пайда болу кезеңі басталды. Ежелгі философтар батыр-құдайлардың бар екенін растауға немесе жоққа шығаруға тырысатын «Гомерлік сұрақ» деп аталатын мәселені ортаға қойды. Дәстүрлі Құдай туралы түсінікке қарсылық білдірген алғашқылардың бірі болып Колофондық Ксенофанды (шамамен б.з.б. 570-478 жж.) айтсақ болады. Ол Құдайдың қатты адами сипат алуын сынаған еді. Одан басқа Продик пен Эвгемер секілді ойшылдардың пікірінше, құдайлар бір кездері өмір сүрген адамдар еді. Олар құдайларды адамдарды басқару үшін, жоғары биліктен қорқу үшін, адамның жаман әрекеттері қоғамның жағдайына әсер етпеуі үшін ойлап табылды деп есептеді.

Көзге көрінетін және көрінбейтін дүниенің жаратушысы күштері туралы натурфилософтар ерекше пікірлер білдірген. Милет мектебінің өкілдер барлық заттардың бастауын су, апейрон, ауа сияқты материалдық субстанциялардан іздеді. Олар тікелей құдайларды жоққа шығармаса да, олардың іліміндегі құдай бейнесі тұлғалық сипаттан ажыратылып, алғашқы материяның атрибутына айналды. Мысалы, Анаксимен үшін ауа шексіз әрі барлық жерде болуына байланысты құдайлық сипатқа ие болды, және құдайдың өзі осы ауадан пайда болады деп есептейді. Эфестік Гераклит (шамамен б.з.б. 540-480 жж.) бұл бағытты одан ары дамытып, әлемді басқаратын әмбебап заң мен ақыл ретінде Логос ұғымын енгізді. Оның «белгілі бір өлшеммен жанып, белгілі бір өлшеммен сөнетін мәңгі тірі отын» Зевстің ерікті араласуын қарама-қайшылықтар күресінің қатаң заңдылығымен алмастырды. Гераклит үшін дін сыртқы ритуалдық көріністері жағынан сын нысаны болды: ол құрбандық қанымен күнәдан тазаруға үміттенетіндерді келемеждеп, оны батпақты батпақпен жуып тазартуға тырысумен теңестірді.

Дінге қарсы, материалистік және атеистік ұстанымды атомизм мен материалистік философияның негізін салушы философ Демокрит алға тартты. Ол дүние кездейсоқ пайда болды, дүние және ондағы барлық заттар атомдар деп аталатын бөлінбейтін бөлшектерден тұрады деп есептеді. Атомдар мәңгілік өмір сүреді; ешкім де, ештеңе де оларды жаратпаған және олар жойылмайды. Олар тәртіпсіз қозғалады, оларды реттейтін табиғаттан тыс күш жоқ. Материалистік дүниетанымның нәтижесінде Демокрит детерминизм принципін - барлық құбылыстардың себептік байланысын бекітетін ілімді ұстанды. Ол үшін құдай адам қорқынышының нәтижесі, немесе «эйдол» деп аталатын атомдар ғана болатын. Демокриттің материалистік көзқарасын қабылдаған оқушысы Протагор туралы да дәл осылай айтуға болады. Оның материализмі атеизммен байланысты; Протагор өзінің

«Құдайлар туралы» трактатын былай бастайды: «Мен құдайлар туралы ештеңе білмеймін: олардың бар екенін де, олардың жоқтығын да, олардың қандай ұқсастығы бар екенін де білмеймін». Аман қалған деректерге сәйкес, философ осы трактат үшін Афинадан кетуге мәжбүр болды.

Пифагор және оның ізбасарлары осы Иониялықтардың рационализіміне қарама-қайшы, дін мен философияның ажырамас тұтастығына айналған ілім жасады. Пифагоршылар мифтік әнші Орфеймен байланысты орфизм (Ежелгі Греция мен Фракиядағы мистикалық ілім)- эзотерикалық ағымның күшті ықпалында болды. Олардың дүниетанымының негізінде метемпсихоз - жандардың ауысуы туралы сенім жатты. Пифагоршылар үшін жан құдайлық бастаудан келеді және ол «алғашқы күнәсі» үшін денеге қамалған. Жанның азаттығына тек ритуалдық тазару арқылы ғана емес, сонымен бірге математика мен музыкамен айналысу арқылы қол жеткізуге болады. Бұл жүйеде Құдай әлемнің сандық құрылымының қайнар көзі - Монада (жоғарғы бірлік) ретінде түсінілді. Бұл тәсіл платонизмде өз жалғасын табатын идеалистік дәстүрдің негізін қалады.

Грек философиясының классикалық кезеңі полистің мүддесі және ақиқатты еркін іздеу арасындағы қақтығыспен ерекшеленеді. Құдайларды құрметтеу Полистің амандығымен тікелей байланысты болды. Б.з.б. 5-4 ғасырда Афинада «Асебия»(құдайсыздық) айыбымен бірнеше сот процессі өтті. Айыптаулардың құрбандары Күнді Пелопоннес көлемінде қызған тас деп мәлімдеген Анаксагор, құдайлар туралы скептикалық пікір білдірген Протагор және соңында Сократ болды. Сократ «Мемлекет құдайларына себеді, басқа құдайларды қабылдады, жастарды бұзды» деген айыппен у беру арқылы өлім жазасына тартылды. Оның философиясы этикалық рационализм негізінде құрылды. Сократ теологияны этиканың бір бөліміне айналдырды; оның пікірінше «Дүние - ұлы және құдіретті, бәріне бірдей қамқор Құдайдың жаратылысы». Ол ештеңеге қарамастан күмәнді ұстанымды көрсетіп, дін саласында мифологияны жоққа шығарды.

Платон дүниеге идеалистік көзқараста болды. Ол Сократтың рационалізімі мен Пифагоршылардың мистицизміні ұштастыра отырып, діннің жүйелі философиялық негіздемесін жасауға тырысты. Ол дін мен қоғам арасындағы қарым-қатынасты анықтауға тырысты, өзі жобалаған қоғамның дінсіз өмір сүре алмасына сеніп философия, ахлақ пен саясатты діннің үстіне орнықтыруға тырысты. «Мемлекет» еңбегінде Гомермен Гесиодты қатаң сынға алып «Құдай тек жақсылықтың ғана себепшісі, ешқашан жамандықтың себепшісі болмайды» деп айтты. Сол еңбегінде жастардың білімінде діннің қаншалықты маңызды рөлге ие екенін тілге тиек етті. «Зандар» еңбегінде рухани қажеттілік туралы, қоғамдағы азғындық пен арсыздықпен күресу үшін дінсіздікпен күресу қажеттігін айтқан. Оны философия тарихындағы бірінші объективті идеалист деп атауға болады. Оның объективті-идеалистік ұстанымы «Демокрит желісін» сынауымен байланысты. Дүниенің пайда болуы туралы материалистік концепцияны жоққа шығара отырып, философ әлемді Демиург, яғни ақылды Жаратушы жаратты деп бекітеді. Платон дінге деген көзқарасын тақуалық пен құдайларды қастерлеудің маңыздылығы арқылы білдіреді, бұл өз кезегінде ізгілік пен әділеттілікке жетелейді. Оның философиясында ерекше орынды жан ұғымы алады, оның да табиғаты идеалистік. Ол тәнсіз, өлмейтін және мәңгілік.

Жанның құрамдас бөлігі - есте сақтау, ол арқылы біз әлемнің құрылымын түсінеміз. Денеге енгенге дейін жан идеялар әлемінде өмір сүреді, онда ол шынайы, идеалды нәрселер туралы ойлайды. Көрінетін әлемде бейнеленгеннен кейін ол «еске түсіреді», яғни жанның жадысы арқылы таниды. Философ метемпсихозға сенді, жан идеялар саласына оралып, онда он мың жыл бойы қалады, содан кейін ол басқа денедегі көрінетін материалдық әлемге оралады. Дүние қарама-қарсы нәрселерден тұрады, ұйқы бар болса, сергектік те, өлім бар болса, өлместік те болады деп тұжырымдап, жанның өлмейтіндігіне деген сенімін қуаттады.

Платонның шәкірті Аристотель Құдайды «бастапқы қозғаушы», заттардың пішінін беруші деп түсінді. Логиканың «әкесі» ретінде Аристотель Құдайдың бар болуы үшін логикалық негіздеменің қажеттілігі туралы айтады. Дүниеде себеппен анықталған қозғалыс болғандықтан, бірінші себеп те болуы керек, ол Құдай. Барлық қозғалыстың абсолютті

принципі - эмбебап, сезгіш субстанция ретіндегі құдай. Аристотель ғарышты ретке келтіру принципін ажырата отырып, құдайдың бар екендігін дәлелдеді. Аристотельдің пікірінше, құдай ең жоғары және ең кемел білімнің объектісі ретінде қызмет етеді, өйткені барлық білім форма мен болмысқа бағытталған, ал Құдай таза пішін және бірінші болмыс болып табылады. Сонымен қатар, Аристотель құдайды шексіз, оның ішінде барлық басқа, кіші нәрселерді қамтитын құдай деп түсінді. Аристотель де өзінің алғашқы еңбектерінде діни тәжірибелер туралы жазған. Сенім туралы айтқанда, оны интеллектуалдық әрекет емес, ерекше күй, рухани тәжірибе деп таныды. Ол адамның өзінің құдайлық болмысын сезінуін және сыртқы әлемді құдайдың жаратылысы ретінде қарастыру тәжірибесін біріктіреді. Оның құдай түсінігі мен теологияға қатысты көзқарасы грек діндеріне де, иудаизм, христиан, тіпті ислам философтарына үлкен ықпалын тигізді.

Антикалық философияның эллиндік кезеңі мистицизмге, этикалық мәселелерге, діни-философиялық синкретизмге қызығушылықпен ерекшеленеді. Бұл кезеңде «Бақыт деген не және оған қалай жетуге болады?» деген сұрақ қойған стоицизм, эпикуризм және басқалар сияқты ағымдар пайда болды. Бұл ағымдардың философтары дін тақырыбын және философияның байланысын да зерттеді.

Эпикур негізін салған эпикуризм философиясы өзінің көптеген қағидаларын Демокриттің материалистік философиясынан қабылдады деуге болады. Философтың материалистік көзқарастары оның пікірінше, атомдардан тұратын, тәнмен бірге жойылатын жан туралы ілімінде де көрініс тапты. Дін, Эпикурдың пікірінше, өлімнен қорқудан пайда болды және табиғат құбылыстарын түсіндіру үшін құдайлар ойлап табылды. Атеист ол құдайлардан қорқу мен олардың жазалауына негізделген діни нанымдар бақытқа жетуге кедергі келтіреді деп санады. Сонымен бірге философтың атеизмі біркелкі емес еді. Оның ізбасарларының пікірінше, Эпикур құдайлардың бар болуына жол берген.

Ежелгі (б.з.б. 3-2 ғасырлар) және кейінгі (б. з. б. 1-2 ғасырлар) стоиктер өздерінің онтологиялық ілімдерінің орталығына Логос ұғымын қойды. Логос тұлғасыз Принципті, Шығармашылық отты (Гераклиттен алынған концепция) және әлемде үйлесімділік тудыратын Себепті білдіреді. Олардың ілімі бойынша құдай мен табиғат бір және біріктірілген, бұл стоиктік көзқарастардың пантеистік болғанын білдіреді. Логоста барлық нәрселер, соның ішінде адамзат туындайтын барлық идеялар бар. Логос барлық шындыққа енеді; ол барлық нәрседе «таралады» және барлық табиғат құбылыстары мен адам оқиғалары болатын эмбебап заң. Дүниеде болып жатқан нәрсенің бәрі осылай болуы керек деп есептелгендей, сөзсіз болады, сондықтан стоиктердің дүниетанымы таза фаталистік сипатта болды. Фатализм және алдын ала белгілеу принципі стоицизмнің бүкіл этикасына енеді.

Антикалық скептиктер (Пиррон, Секст Эмпирик) дінге қатысты «эпохе» - пікір білдіруден қалыс қалу әдісін қолданды. Олар құдайлардың бар екенін де, олардың табиғатын да рационалды түрде дәлелдеу мүмкін емес деп мәлімдеді, өйткені кез келген «иә» деген дәлелге қарсы тең дәрежелі «жоқ» деген жауап табуға болады. Алайда скептиктер таза атеист болған жоқ. Керісінше, олар өздерінің әрекеттері арқылы елінің әдет-ғұрыптары мен заңдарын сақтауға шақырды. Скептик құдайлардың шынайылығына сенімді болғандықтан емес, қоғамдық тыныштық пен оның жеке мазасы мен сабырына ықпал ететіндіктен, құдайларды құрметтеп, құрбандықтар шалады. Мұнда сенім дәстүрді құрметпен орындаумен алмастырылады.

Кейінгі антикалық дәуірде философия түпкілікті діни сипат алады. Плотин (б.з. 204-270ж) ойынша дүниенің негізі – біртұтастық болып есептеледі. Одан бөліну арқылы ақыл, әлемдік жан және нақты адамдардың жаны бөлініп шығады. Ал адамның мақсаты – әуелгі біртұтастыққа қайта оралу. Сол жолда адамға бірнеше парктикалар ұсынылады. Плотиннің Ямвлих есімді шәкірті қарапайым әрекеттермен Құдайға жете алмайды деп, ритуалдық әрекеттерді ұсынған болатын.

Аралық кезеңде бірнеше діни бағыттар пайда болды. Айырмашылықтарына қарамастан оларға тән ортақ сипаттарда болды. Олар: дуализм (жақсылық пен жамандық), ритуалдардың күрделенуі, сенім мәселесі.

Осылайша антикадағы дінге көзқарас өз мәресіне жетті: мифті рационалды түсіндірумен алмастыру әрекетінен басталған ол, магиялық ритуалды негіздейтін күрделі метафизикалық жүйе ретінде аяқталды, натурфилософия кезеңінен эллиндік кезеңге дейін діни-философиялық плюрализмнің куәсі болды. Дәл осы дәуірде философтар дүниені материалистік және идеалистік тұрғыдан түсінудің негізін қалаған сұрақтар қоя бастады. Ежелгі философтар философия ғылымының, оның ішінде дін философиясы деп аталатын білім саласының одан әрі дамуының негізін қалады.

Антикалық философия христиандық үшін негіз дайындап қана қоймай, оның ажырамас бөлігіне айналды. Платон мен Аристотельдің көзқарастары христиандық догманы айтарлықтай жүйелеп, апологетика мен экзегетиканың пайда болуы мен дамуының негізін қалады. Антикалық авторлардың шығармалары пұтқа табынушылықтың классикалық әлеміне жататынына қарамастан, Ұлы Василий, Аврелий Августин, Фома Аквинский сияқты көрнекті теологтар тарапынан зерттелген еді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Батыс философиясының жаңа тарихы. 1-том. Антика философиясы · Авторы: Энтони Кенни · Аудармашылар: Базарбай Н.Т., Аяпбекова А.С., Рыскиева А.А. · 2014.-364 б.

2. Алтаев Ж., Қасабек А. Философия тарихы. 1 том: оқулық / Ж. Алтаев, А. Қасабек. - Алматы: Эпиграф, 2019.- 188 б.

3. Нұрышева, Г. Ж. Философия тарихы [Текст] : ЖОО студ. арналған оқу құралы / Г. Ж. Нұрышева. - Алматы : Зият Пресс, 2005. - 180 б.

4. Есімқұлов Е. Н. Дін әлеуметтануына кіріспе - Оқу құралы / Е. Есімқұлов - Алматы: «Нұр-Мүбарак» баспасы, 2020. – 212 б.

5. Әлмұхамедов Ә. Р., Хамзаева Б. Діни антропология. / Ә. Р. Әлмұхамедов, Б. Хамзаева. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012.-208 б.